

ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

18+

№ 18/766

2022 жылғы 06 мамыр, жұма

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіске 77 жыл

77 лет Победе в Великой Отечественной войне

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІҚҰТТЫ БОЛСЫН! С ДНЁМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ!

**ҚЫМБАТТЫ ҰЛЫ ОТАН
СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!
ҚҰРМЕТТІ ТЫЛ ЕҢБЕКЕРЛЕРІ!**

Сіздерді бүгінгі қасиетті де қастерлі мереке – Ұлы Жеңістің 77 жылдығымен құттықтаймыз!

Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Сондықтан Ұлы Жеңістің 77 жылдық мерекесі қарсаңында сол жеңісті жақындатқан барша ардагер ағаларымыз бен аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымызды иіп, құрмет тұтамыз!

Жеңіс мерекесі - Отанымыздың абыройы мен тәуелсіздігі үшін қанды ұрыстардағы ержүрек халқымыздың өшпес ерліктерін күллі әлемге паш еткен мереке.

Біз есімдері тарихтың бетінен мәңгі өшпейтін аға буын алдында өлшеусіз қарыздармыз. Отты жылдары Қазақстаннан миллионнан астам жерлесіміз майданға аттанып, жартысынан көбі үйлеріне оралмады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында біз Отан соғысының оқ бораған даласында қаза тапқандардың рухтарына бас иіп, тағзым етеміз. Сіздердің ерліктеріңіз - біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

Құрметті де қымбатты ардагерлер!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, құт-береке, туғандарыңыз бен жақындарыңызға бақыт тілейміз! Аспанымыз ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!

Құрметпен,

"Приозерский вестник" газеті редакциясының ұжымы

**ДОРОГНЕ ВЕТЕРАНЫ И УЧАСТНИКИ
ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ,
ТРУЖЕНИКИ ТЫЛА!**

Примите тёплые и сердечные поздравления с самым торжественным и почитаемым праздником – 77-летием Великой Победы!

Несмотря на то, что прошло уже немало лет, ваш Великий Подвиг бессмертен и в каждой семье есть свои герои и своя память о тех главных днях для нашей страны.

Победа была так давно... Сменились поколения, мы стали взрослыми, и теперь пришел наш черед стоять на страже мира и заботиться о том, чтобы он был благополучным!

С искренним, сыновним почтением преклоняем мы перед вами колени. Тот путь, по которому мы идем, проложен и освящен вашим подвигом во имя всеобщего светлого будущего. Ваши имена навеки вписаны в летопись наших сердец.

Уважаемые ветераны


Великой Отечественной войны!

В этот памятный для всех нас день, хочется выразить вам огромную благодарность, за светлый мир вокруг, за нашу свободу, за вашу Победу!

Желаем вам крепкого здоровья, долгих лет жизни и заслуженного счастья!

С уважением,

Коллектив редакции газеты "Приозерский вестник"



1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан жабуыл жасап, қанды қырғын басталған болатын. Бақайшағына дейін қаруланған



фашистерге қарсы бүкіл көпұлтты Кеңес халқы жұмыла күресіп, қаншама миллион-

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ !

даған адам қаза тауып, қалалар мен елді мекендер жермен жексен болса да, 1945 жылдың мамыр айында жеңіске жеткен болатын. Ұлы Отан Соғысына Қазақстаннан қатысқан жауынгерлер де асқан ерлік көрсетіп, жанқиярлықпен жауға қарсы тұрды. Тылдағы әйелдер мен балалардың еңбегі Жеңіс күнін жақындата түскенді. Бүгінгі күні аталарымыздың ерлігі, қайсар аруларымыздың тәуекелділігі, аналарымыздың табандылығы қалай айтылса, сонымен қатар соғыс жылдарындағы балалардың болмаған балалық шағы, аналардың көз жасы, ауыл тұрғындарының соғыстан кем емес өмірі де қатар айтылуда.

Иә, сұрапыл соғыстың кесірі тимеген бірде бір отбасы болмады. Азаматтардан «Қара қағаз» алып, жесір қалған аналар,

жалғзынан айрылған аналар қаншама. «Қара қағаз» жалғыз ұлын қан майданнан күткен қарт әкенің сағын сындырды, ақ жаулықты ананың үмітін өшірді, ал бұл дүршіл балаларды өкпен айырып, әкенің орнына оларды қатал өмер тәрбиеледі.

Хабарсыз кеткен жауынгерлердің көбісінен әлі күнге дейін хабар-ошар жоқ. Әрбір ер азамат өзінің жер анасын, туған жерін, отбасын, келер ұрпағы - біздер үшін күресті. Және ұлы жеңіс біздерге оңайлықпен келген жоқ. Бұл жеңіс өте үлкен құрбандықты, батырлық пен қай-сарлықты, ерен еңбекті талап етті. Төзімділік пен Аллаға де-ген сенімді шыңдады. "Басқа елдерді білмеймін, алайда соғыс жылдарында біздің ауылда бала болған жоқ..." - деп Дулат Исабеков өз шығармасында

көрсеткендей соғыс жылдары тек ер-азаматтарды ғана емес, балалардың - балалық шағын, ата-ананың үмітін жалмады. Ал 1945 жылы 9 мамырда Кеңес Одағының әрбір шаңырағында "Жеңіс тойы" тойланды. Қаншама құрбандықтарға қарамастан әрбір үйде той болды. Аман қалған жауынгерлер елге оларып, ана баласымен, бала әкесімен қауышты. Ата - бабаларымыз біздер үшін осындай құрбандыққа барғанда, біз оларды жылдың бір ғана күнінде еске алып, тойлап өткізуіміз жеткіліксіз. Біз қайсар рухты батырларымызды бір сәтке болсын естен шығармауға тиіспіз. Қаншама уақыт өткеніне қарамастан Отан үшін от кешкен батыр аталарымыз біздің жадымызда болуы тиіс. Ер есімі ел есінде мәңгілік сақталары сөзсіз.

Б. АЛШЫНБЕКҰЛЫ

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ҰЛЫ ЖЕҢІС

халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған қазақ пен украин, орыс пен тәжік, грузин мен белорус және өзге де ұлттар өкілдері қарсы алдындағы жауға алынбас қамал болып жұмылды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белорусияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын ку шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ, кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ, қазақтардың қанды қыр-

ғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада жарты ғасыр өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 миллион қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртыпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қартарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!



Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды.

Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қанды қырғында от пен су кеше жүріп елін, Отанын қорғаған батыр бабалардың еске алып, олардың рухына тағзым ету. Биыл елімізбен қатар қаламызда жеңіс шеруі өтпейтін болды. Дегенмен, арнайы ішаралар, еске алуға арналған бағдарламалар өтеді және бұған дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қала тұрғындары өз қалауларына соғыста қаза тапқан боздақтарға арналып орнатылған ескерткішке гүл шоқтарын қоятын болады. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы Жеңіс күні құтты болсын, приозерскілік жерлестер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ОТАНДЫ ҚОРҒАУ – МІНДЕТ, БОРЫШ, АБЫРОЙ!

Атам заманнан, сан ғасырлық тарихында қазақ халқы өзінің қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын, ана тілі мен ділін және басқа құндылықтарын сақтап қалу үшін қилы кезеңді бастан кешірді. Аттары аңызға айналған көшпенділер – сақтар, ғұндар мен көк түркілердің ұрпағы ретінде біз басты байлығымыз – қазіргі Қазақстанның ұлан-байтақ даласы. Біздің даңқты бабаларымыз – ұлы хандар мен батырлар терең ақыл, биік намыс, ержүректілік арқасында ел мен жердің тәуелсіздігі үшін күресті. Бүгінде өз тарихымызға көз салып, ой ескеген біз Тонькөк, Күлтегін, Білге қаған секілді көреген билеуші, ұлы қолбасшылардың қадірін түсіне бастадық.

Әкеміз, ағамыз күрғақ халықтың Аты, даңқы өлмесін деп, Түркі халқым үшін Түнде ұйықтамадым Күндіз отырмадым Біріккен халықты от-су қылмадым, – деп бұрында өткен Күлтегін бабамыз айтқандай, олардың тас ескерткіштерге қашап жазып қалдырған сөздері түркі халқының талайлы тағдары мен тәуелсіздік үшін күресін ұрпақтар санасына мәңгіге бекітті. Түркілерге тән ержүрек, өршіл, қайсар, қайтпас мінезді бойына сіңірген Бауыржан Момышұлының Күлтегін заманынан неше ғасыр өтсе де ер түрлі ерлігін қайталауы қазақ қанында ерлік, қайсарлық ежелден сақталып қалғанын көрсетеді.

Патриотизмнің негізгі элементтерінің бірі – рух немесе ұлттық құндылықтар,

ұлтына деген сүйіспеншілік. Патриотизм әр пенденің өз Еліне, халқына деген сүйіспеншілікке негізделеді. Патриотизм өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланысты. Әрбір патриот өз Отанын қорғауға, халқы мен отбасына тіреу болуға міндетті. Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік



және жалпы – азаматтық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретінде сапалық қасиетін қалыптастыру.

Осы таңда еліміздің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтаудағы патриоттық құндылықтарын дамыта отырып, қазақ-

стандық патриотизмді қалыптастыруға зор мән берілуі тиіс. Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Білім туралы» заңында, Президентің халыққа жолдауында, «Бала құқығы туралы декларациясында» және т.б. Үкімет қағаздары мен әртүрлі басылым беттерінде жарық көреді. Барша Қазақстандықтар Республиканың Ата заңына бағынады. Әр адам өз елінің басынан өткен тарихы мен көрген ауырталығын біле отырып болашаққа қадам басады. Қазақтың үлгі етер ұлдарының бірі, ұлттық рухты санамызға сіңірткен Б.Момышұлы – жүрекжүткен батыр, даңқты қолбасшы, әрі жазушы ағамыз «тот баспас алтындай жарқырап» ел қаһарманына айналды.

Ұлттық тәрбие сонау Күлтегін мен Тонькөк кезеңінен басталып, ел үшін жанын қиған Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай т.б. батырлар ісінен көрінеді. XX-ғасырдың батырлары: Т. Бегидинов, М.Маметова, Ө.Молдағұлова, Рахымжан Қошқарбаев және басқалардың ерен ерліктері өлең-жырға айналып,

7 мамыр -

Отан қорғаушылар күні

патриоттық тәрбиенің берілуіне маңызды рөл атқарады. Осы жылы Қазақстан Әскерінің құрылғандығына 30 жыл. Ең алдымен әскери білім мен мектеп қабырғасында танысады. Алғашқы әскери дайындық пәні – оқушылардың өз Отанын сүйуге, қорғауға баулып, әскери өнермен таныстырады. 1992-жылғы 7-мамырда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Соған сәйкес 1993-жылы 20-қантарда «Әскери қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесімен әлеуметтік қорғауы туралы» заңдар, елімізде әскери құрылыстың нормативті-құқықтық базасы құрылды. Отан және халық үшін жасаған және келешекте жасайтын жұмыстарының керек екендігі және оның адамзаттың амансаулығының негізгі патриоттық тәрбиенің міндеті мен мазмұнына енеді.

Біздің Приозерск қаламызда орналасып, еліміздің тыныштығын, көк аспанын қорғап жүрген 5 әскери бөлімдер мен Балқаш аудандық пайдалану бөлімінің әскери қызметшілерін, сардаларын Қазақстан Қарулы Күштерін 30-жылдық мерейтойларымен «Приозерский вестник» газеті ұжымының атынан құттықтаймыз! Отанымызды қорғау жолындағы қажыр-қайраттарыңыз талмасын, еліміздің тыныштығы сіздердің қолдарыңызда. Әрбір азамат өз Отанының алдындағы борышын өтеуге міндетті.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

Міндет! Абырой! Ерлік!

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

(Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-шы бабынан)

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әуе қорғаныс күштерінің Приозерск гарнизонында орналасқан 44841 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышын абыроймен атқарып, запасқа шыққан мерзімдік қызмет әскери қызметшілерді шығарып салу рәсімі болып өтті. Салтанатты жиынды бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Кабышев Ринат Маратұлы ашып берді.

Құттықтау сөзді 44841 әскери бөлімінің командирі подполковник Үмітәлі Бектаев бастады. Мінберге көтерілген әскери шендегі басшы Үмітәлі Серікұлы өз сөзінде: «Қымбатты сарбаздар! Күні кеше көз алдымызда бой түзеу, салтанатты түрде Әскери ант қабылдағандарыңызды білеміз. Сіздер біздің әскери ортаға тез бейімделіп, өздеріңізге берілген жауынгерлік тапсырмалар мен командирлердің бұйрықтарын дер кезінде орындап, ерекше көзге түстіңіздер. Әскери өмірден алған өмірден шыңдалып, алдағы күнде

САРБАЗДАРДЫ ШЫҒАРЫШ САЛУ РӘСІМІ

Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен өркендеуі жолында өздеріңіздің сүбелі үлестеріңізді қосатындарыңызға толық сенімдімін! – деп, сарбаздарға деген шын ризашылығын жеткізді.

Сонымен қатар, Приозерск гарнизонының Қарулы Күштер ардагерлері ұжымының төрағасы Т.Кенжебеков, Зениттік-зымыран дивизионының командирі подполковник Е.Большаков және запасқа шығатын сарбаздар



атынан қатардағы жауынгер Е.Нұрболатов сөз сөйледі.

Іс-шара барысында запасқа шығатын

мерзімдік қызмет әскери қызметшілеріне зор құрмет көрсетіліп, Мақтау қағаздары, Алғы хат және үздік сарбаздарға арнайы дайындалған Жауынгерлік Ту астындағы фотосуреттер салтанатты түрде табыс етілді. Марапаттау рәсіміне бөлім командирі подполковник Ү.С. Бектаевтың өзі басшылық етті. Айта кетерлік жәйт, жауынгерлік даярлық пен мемлекеттік-құқықтық дайындығынан үздік нәтиже көрсеткен запасқа шығатын әскери қызметшілер қатарынан қатардағы жауынгерлер Ерболатов Әлішер Медетұлы мен Сергеев Александр Олеговичтің есімдерін ерекше атаған жөн.

Салтанатты жиынды тамашалауға Приозерск қаласындағы №1 жалпы білім беру мектебінің жоғарғы сынып оқушылары мен №2 мектебінің 6 «в» сыныбында білім алып жүрген жас сарбаздар қатары келген болатын. Мектеп оқушылары сарбаздардың әскери өмірін көзбен көріп, жатын орнын аралады.

Олардың күнделікті тыныс-тіршілігімен танысып, арнайы дайындалған оқу жаттығу орындарында оқушыларға атыс қаруы мен радиациялық, химиялық, биологиялық



қорғаныстың жаттығулары практика жүзінде көрсетілді.

Жиын соңынан мектеп оқушылары әскери қызметшілермен бірге көркемөнерпаздардың концерттік бағдарламасын тамашалап, естелік фотосуретке түсті.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

Жағымды жаңалық

Қаламыздағы бұрынғы КТУҚБ орналасқан Балқаш көшесіндегі 7-үйдің оңтүстік тарапынан кірер есігінің ішінен



сәуірдің 30-жұлдызында қала әкімінің қолдауымен «Қоржынтүбек» аталған коммуналдық базар-дүкенінің ашылу салтанаты болып өтті.

Жиынға қала тұрғындары, қаламыздағы мекемелер мен кәсіпорындар басшылары, мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер мен жастар ұйымының өкілдері қатысты. Халық қамы және тұрғындардың мүддесі үшін – азық түлік бағасын тұрақтандыру басты

міндеттердің бірі. Коммуналдық базар қаламызда әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және төмен бағадағы азық-түлікті қол жетімді етуге септігін тиігізбек. Жиналғандар алдында сөзге шыққан қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев құттықтау сөз сөйлеп,

алдағы уақытта тұрғындар үшін аса маңызды болып саналатын осындай нысандар мен әлеуметтік сауда орындарын көбейте түсу қажеттігін атап өтті.

КОММУНАЛДЫҚ БАЗАР АШЫЛДЫ

Қаламыздағы кәсіпкерлік саланың ең алғашқы қарлығаштарының бірі Свечинская Валентина Ивановна қала тұрғындарын игілікті істің атқарылуымен және халықтар бірлігі күні мерекесімен құттықтай отырып, бүгінгі таңда атқарылып жатқан көптеген жұмыстар



туралы айтты. Өз тарапынан қала әкімі мен оның командасына алғысын білдірді.

Дүкенді ашу құрметі қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаевқа, еңбек ардагері, қажы Махмұд Махмедрахатұлы Уразметовке және жас кәсіпкер Айгерім Ерболатқызы Абылхаповаға беріледі. Салтанатты ашылу рәсімі аяқталғаннан кейін осы шараға қатысқан тұрғындар коммуналдық базарға еніп, өздеріне қажетті және қол жетімді бағадағы азық-түлік тауарларына сауда жасауға кірісті.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ.
Суреттерде: Ашылу салтанатынан көріністер

I мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ

Қаламыздағы үлкен алаңда осы жылдың 30-сәуірі күні Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Біздің күшіміз бірлікте» аталатын мерекелік ісшара өткізілді.

Ауа-райының бұлттанып тұрғанына қарамастан, қала тұрғындары мерекелік



алаңға өте көптеп жиналды. «Атамұра» қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігі, «Арзу» әзірбайжан халқының этно-мәдени қоғамдық бірлестігі және славян халықтарының басын қосатын «Исток» этно-мәдени бірлестігінің өкілдері мерекеге арнайы дайындықтармен қатысты. Атамұралықтар тіккен киіз үй мен оның ұлттық үлгіде жасақталуы көрермендердің көңілін көтерді. Алаңның бір шетінде азық-түлік жәрмеңкесі халыққа қызмет көрсетіп жатты. Қарсы бетте қала көркемөнерпаздары және «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының оқушыларының қатысуымен мерекелік концерт бағдарламаларымен тұрғындарға өз өнерлерін көрсетті.

Осынау айтулы мерекеді қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев өзінің жүрек-

жарды лебізін білдіру үшін ортаға шығып, тұрғындарды құттықтады және Қазақстан Халқының бірлігі күніне орай қаламыздағы этно-мәдени қоғамдық бірлестіктері ұжымдары төрағаларын марапап, Алғыс хаттарын табыстады.

Бахытжан Сайырманов «Қазақстаным», № 2 мектептен Ернұр Сәндібеков пен Бекболат Ергалиев, Жандос Жандарбек «Байтақ елім», осы мектеп хоры «Құлпыра бер, Қазақстан», Әсемгүл Болатханқызы «Туған жер» әндерін, «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының «Балбырауын» ансамблі «Той бастар» күйін, Диана Мурашкина, Елдос Калжигитов, Асхат Серікбеков, Гүлжихан



Урсарова, Марина Савицкая, Гүльмира Шералиева, Алина Долгова, Мөлдір Қалдыбекова, Нұрсұлтан Сейдікәрім т.б. әншілер өздерінің мерекеге арналған әндерімен жиналған қауымға керемет көңіл-күй сыйлады.

Н. ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,
Суреттерде:
Мерекеден көріністер

БІРЛІК ТҮБІ - БЕРЕКЕ!

Әр жыл сайын, барша қазақстандықтар 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін атап өтіп келеді. Дана халқымызда: «Бірлік болмай тірлік болмас» - деген қанатты сөз бар. Береке бастауы бірлікте қағидасын ұстанған көп ұлтты Қазақстанның халқы үшін бұл мейрамның алатын орны ерекше. Осы мереке күніне орай, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің 06708 әскери бөлімінде салтанатты жиын болып өтті.

Салтанатты жиында «Біздің күшіміз – бірлікте!» тақырыбымен 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Абеков Жасұлан Садуұлы баяндама жасады. Лауазымды тұлға подполковник Жасұлан Садуұлы: «Қазақстан Республикасын мекен еткен 130-дан астам ұлт өкілі бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғаны мен тілегі бір, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ халқының салт-дәстүріне және ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды. Біздің басты мақсатымыз - халықтар арасындағы достықты нығайту, осы ретте Отан алдындағы мінсіз қызметтегі әскери қызметшілердің достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру болып табылады» - деп, жеткізді.

Сонымен қатар, жеке құрамға арналған мерекелік құттықтауда бөлімнің әскери қызметшілері подполковник Садиров Ахметжан Толқунович пен аға лейтенант Ларионова Ольга Сергеевна сөз сөйледі. Ал, әскери бөлімдегі Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздар атынан сөз сөйлеген қатардағы жауынгер Тохташов Отабек Алишерұлы мінберге көтеріліп, жеке құрамға өзінің тебіренген сезімдегі құттықтау сөзін арнады. Атап айтсақ, қатардағы

жауынгер Отабек Алишерұлы: «Қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – біздің таптырмас ең маңызды байлығымыз! Қазақ



халқы әр кез өзінің бауырмал халық екенін көрсетіп келеді. Тарих қойнауының әрбір кезеңдерінде біздің елімізге пана іздеп келген басқа ұлт өкілдерін қазақ халқы жатсынбай бауырына басып, төрінен орын беріп, тіпті қиын-қыстау кезеңнің өзінде бір үзім нанды бөліп жеп, ауыр күндерден бірге аман қалды. Сөйтіп, қаймағы бұзылмаған кең байтақ қазақ жері – көп ұлтты мемлекет болып шыға келді. Бүгінгі күнде көп ұлтты Қазақстан халқы бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Біз де туған жердің төсінде, құшағын жайған бейбіт елдің ішінде ел бірлігін сақтауға бір кісідей атсалысайық!» - деп, жеке құрамға өзінің терең мағыналы ойын арнады.

Жиын соңында жауынгерлік даярлық пен мемлекеттік-құқықтық дайындығындағы алдыңғы қатарлардан ерекше көзге түскен әскери қызметшілер мараптталып, оларға Мақтау қағаздары жеке құрам алдында салтанатты түрде табыс етілді.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

Мұқтаж жанға көмек

Иә, мұқтаж жандарға қол ұшын созу, сүрінгенді сүйеу, жылағанды жұбату – қазақ халқының бойындағы ежелден қалыптасқан қасиет. Жоқты түгелдеген, әлсіздерге жәрдем берген адам өзінің адамгершілігін айғақтайды. Өзге жанның қайғысына ортақ болу арқылы өзінің алдағы өміріне басқаша бағытта қарай бастайды және құндылықтарын қайтадан зерделеп ұғады. Қайырымдылық – жүрекке нұр төгеді, өмірге мән береді.

Осы ретте, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерейтойы қарсаңында Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы Құрманғалиев жәрдем беруді қажет ететін мұқтаж жаң, көп балалы ана Жанна Сағындықованың отбасына қол ұшын созып, бала-шағасына көмек беруді жөн санаған екен.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» - демекші, дәл 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігінің мерекесі күні, жанына 06708 әскери бөлімінің «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерін ертіп алған Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Құрманғалиев бірден азық-түлік дүкеніне жол тартты. Бар ойы – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 30 жыл толу мерейтойы қарсаңында Приозерск қаласында тұратын көп балалы ананың отбасына азық-түлік пен отбасындағы бала-шағасына тәтті сусын алып, тұрып жатқан пәтеріне жеткізіп беру болатын.

Пәтер табалдырығын аттаған жомарт жандарды ардақты ана Жанна Сағындықова өзі күлімдеп қарсы алды. Алдымен, Прио-

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ІЗГІЛІКТІҢ КӨРІНІСІ

зерск гарнизонының хатшысы Думан Жұмашұлы жанына ерген клуб тәрбиеленушілерімен бірге көп балалы ананы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтап, отбасына амандық-саулық тіледі. Әкелген азық-түлікті ардақты ана Жанна Сағындықоваға табыс етіп, тәтті сусындарын отбасындағы бала-шағасына үлестіріп берді.

Көп балалы ана Жанна Сағындықова дүниеге 5 ұл және 1 қызды әкеледі. Дәм-тұзы жараспаған отбасындағы күйеуімен ажырасып, бала-шағаны бір өзі асырауға кіріседі. Қаладағы дәмханалардың біріне жұмысқа тұрады. Тағдыр тауқыметінің басқа салғаны аздай, өткен жылы мектеп жасындағы бір ұлы мезгілсіз кенеттен қайтыс болады.

Ардақты ананы баспасөз хатшысы Д.Құрманғалиев сөзге тартқанда, көп балалы ана Жаннаның көзінен жас шығып кеткенін көзіміз шалды. Бәлкім, «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының мектеп жасындағы тәрбиеленушілерін көріп, қайғырған ана жүрек өмірден ерте кеткен ұлын еске алған болар, - деген ойда қалды. Дегенмен де, бала-шағамды асыраймын деген құлшыныстағы, жігері жасымаған ардақты ана жақында Ажжол ұлының Отан алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарып, аман-есен жанұясына оралғанын қуаныш сезімде жеткізді. Қызы Аерке Қарағанды қаласында жұмыс істеп жүр екен. Ал, Бейбарыс есімді баласы агротехникалық колледжінде дәнекерлеуші мамандығы бойынша білім алып жүр екен. Қолындағы Исламбек пен Бекарыс Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқиды. Білім ошағының 8 сыныбында білім алып жүрген Исламбек «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілерімен бірге әскери-спорттық дайындық-



тарына қатысып, биылғы Республикалық «Айбын-2022» әскери-патриоттық жастар жиынына қатысуға өз ниетін білдіріп жүр. Осының бәрі жалғыз басты, көп балалы ана Жанна Сағындықованың отбасындағы бала-шағасына дұрыс бағыт беріп, өнегелі тәрбие беруінің арқасы деп білеміз.

Біздің білуіміз бойынша қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болу қажет емес. Ең бастысы - мейірімді жүрегі мен таза ниетің болса жеткілікті. Көмекке мұқтаж көпбалалы жанұяға қол ұшын созып, көмектесуді қолға алған Приозерск гарнизонының

баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы жақында ғана көп жылдан бері Приозерск қаласында тұрып келе жатқан тәлі еңбегінің ардагері Степанчук Людмила Илларионовнаға қайырымдылық жасау мақсатында зор құрмет көрсетіп қайтқан болатын. Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы Думан Жұмашұлы: «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Қазіргідей күрделі кезде әрбір азамат біздің назарымызда болады. Мемлекет ешкімді қиындақта қалдырмайды», - деген еді. Өз басым, қайырымдылық жасау дегеніміз - өзіңдегі бар жақсылықты, бақыт-ты өзгемен шынайы әрі риясыз көңілмен бөлісе алу деп ойлаймын. Қайырымдылық - халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Мұқтаж жандарға жүрек жылуын ұсыну - әрбір адамның азаматтық парызы деп білемін» - деп, ой түйді.

Жақсылыққа ұмтылған жан алдымен қайырымдылық жасайды. Ендеше, өзінің қызметтік міндетін атқара жүріп, жомарттық танытып, мұқтаж жандарға қол ұшын созып, көмек беруде асқан белсенділік танытып жүрген Думан Жұмашұлы сияқты ер азамат-тарымыздың қатары көбейе берсе, нұр үстіне нұр болар еді!

Тілек Кенжебеков,
Қазақстан Республикасының құрметті азаматы «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Приозерск гарнизонына қарасты «Қарулы Күштер ардагерлері» ұжымының төрағасы

РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗУДІ ҚОЛДАЙМЫН !

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясының жұмысына қатысқан мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының басты құжаты – Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қозғап, аталған құжат Қазақстан халқының қатысуында референдум өткізу арқылы шешімін табатын болады деген пікір білдірді. Яғни, бұл

елімізде өткізілгені отырған екінші референдум болмақ.

1995-жылы қараша айында Қазақстанда "Республикалық референдум туралы" конституциялық заң қабылданған болатын. Содан бері Ата заңымызға төрт рет өзгеріс енгізілсе де, конституциялық түзетулерге қатысты халықтық референдум ұйымдастырылған жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселені ерекше атап өтті. Ал

референдум демократияның маңызды институты болып табылады. Себебі ондай шара кезінде мемлекеттік маңызы бар мәселелерге қатысты тікелей халықтың пікірі ескеріледі. Тоқаев алдағы конституциялық өзгерістер бойынша референдум өткізуді ұсынды. 27 жылда алғаш рет іске қосылатын республикалық референдум туралы заңның негізгі нормаларын зерделеп, осынау маңызды шараны өткізу және дауыс беру

Қоғамдағы үрдіске көзқарас

тәртібін ұсынады. Қазақстан Республикасының азаматы ретінде елдің, мемлекеттің, ұлттың тағдыры шешілетін конституциялық заңды халықтың дауысымен бекітуді толық қолдаймын және қазақстандықтардың да бұл маңызды мәселеден қалыс қалмауын өтініп сұраймын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«Қасым оқулары» аясында

Табысты өткен семинар

ЖАС АҚЫНДАР БАЙҚАУЫ

Сәуір айының 27-жұлдызы, сәрсенбі күні Приозерск қалалық кітапханасында Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен қаладағы мектептерде оқитын балалардың қатысуымен «Қасым оқулары» аясында Жас ақындар байқауы болып өтті.

жүктелді. Аталған жас ақындар байқауының қатысушылары арасында екі бірдей орыс ұлты өкілдерінің болуы және оның бірінің жүлделі орынға ие болуы көңіл қуантарлық жағдай болғанын айта кетуіміз керек.

Қазылар алқасының бағалауының нәтижесінде бірінші орынды Досымжан Жәнібекұлы Сұлтан жеңіп алды. Екінші орынды



Ақындық жолға қадам басқан шәкірттерге Қасым Аманжоловқа арнаған және биылғы «Балалар жылы» аясында балалық туралы өлең жазу және Қасым ақынның бір өлеңін мәнгерлеп оқу бойынша талаптар қойылды.

Қаладағы екі мектептен 5 және 9-сыныптардан байқауға қатысқан 11 оқушының ең жасы 5-сынып оқушысы болды. Жас ақындардың шығармаларын бағалау ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, Приозерск қалалық кітапханасы оқу бөлімінің кітапханашысы Индира Нұржұмаевна Талханбаева және Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тіл саясаты бойынша әдіскері Жанат Жалғасбекқызы Абуловаларға

Гүлназ Еркінқызы Мұхтарият еншілесе, жүлделі үшінші орын Владимир Игрович Кузнецовқа бұйырды. Байқау жеңімпаздарына Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі тарапынан Мадақтама қағазы мен бағалы сыйлықтар табысталды. Байқау қатысушыларының барлығына байқауға қатысқаны үшін Алғыс хаттар берілді.

Қаламызда бұрыннан қалыптасқан жас ақындардың өнер жолындағы қадамын одан әрі жетілдіре түсу мақсатында ұйымдастырылып тұратын жақсы дәстүр жалғасын тауып, балалар шығармашылығына көңіл бөлініп отырғаны өте құптарлық хәм ұрпақ үшін пайдалы шара деп есептейміз.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

«LESSON STUDY» ТӘСІЛІ МЕКТЕП ТӘЖІРИБЕСİNДЕ

2022 жылдың 25 сәуір күні №1 жалпы білім беретін Жетекші мектепте қаладағы №2 серіктес мектеппен желілік қоғамдастықты нығайтып, сабақты зерттеу іс-тәжірибелерімен бөлісу мақсатында қалалық "Lesson Study тәсілі мектеп тәжірибесінде" тақырыбында семинар болып өтті.

«Lesson Study – мұғалімдерді оқыту және олардың тәжірибесін дамытудағы ынтымақтастық педагогикалық тәсіл» тақырыбында таныстырылым жасады. Таныстырылымда Lesson Study тәсілі туралы толық айтылды. Lesson Study тәсілі дегеніміз не? Lesson Study қандай мақсатпен жүргізіміз қажет? – деген сұрақтар төңірегінде ой өрбітті.

Семинарда тарих пән мұғалімі, педагог-сарапшы С.Киздарбекова 9 "в" сыныбына Қазақстан -2050" стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» деген тақырыпта, Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы У.Мамелекова 2а сыныбына Шона Смаханұлының «Бұлбұл мен тоқылдақ» деген тақырыбына зерттеу сабақ өтті.

Орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі, педагог-зерттеуші Ф.Артыкмурарова мен мектеп тренери Г.Калманова шебер сынып өтті. Шебер сыныпта А.Феруза сабақта қолдануға қажетті бірнеше әдіс тәсілдерді көрсетті. Көрсетілген тәсілдер мұғалімдердің көңілінен шықты.

Мектеп психологы Т. Наушаруанова, П. Нарманова -«Ойды аяқта!...» тақырыбында тренинг, М.Калабаева мен Ф.Душмуратовалар Lesson Study бойынша өткізілген зерттеу сабақтарына шолу жасады. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері, педагог-сарапшылар А.Доспанбетова мен Ф.Душмуратовалар семинарға кері байланыс жасады.

Семинар соңында өткізілген іс-шараларға ПШО тренери Хабат Мәдениет талдау жасап, өз ризашылығын білдірді. М.Хабат "Lesson Study тәсілі мектеп тәжірибесінде" тақырыбы бойынша ұйымдастырылған кер-



Семинар жұмысына Қарағанды қаласындағы педагогикалық шеберлік орталығының тренери Хабат Мәдениет, қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Қ. И. Ибраимова, қалалық оқу бөлімінің әдіскері П.Шойбекова, серіктестік мектептің жетекшісі М.Кошметова, мектеп директоры П.А.Жумаханова, сондай-ақ №1,2 мектептің мұғалімдері қатысты.

Семинарда Жетекші мектеп кураторы М.Х. Хизирова сабақты зерттеу үдерісін



тиімділігін көрсете отырып, желілік қоғамдастық аясындағы тәжірибе алмасу іс-шараларының есебін берді. Семинар барысында жасалған баяндама, таныстырылым, шебер сабақтар, психологиялық тренингтер өз жүйелілігімен қатысушыларға жақсы әсер қалдырды. Атап айтсақ, жетекші мектептің кураторы М.Х. Хизирова «Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудағы желілік қоғамдастықтың рөлі» деген тақырыпта баяндама жасады.

Педагог-зерттеуші, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Феруза Алибековна

ме, буклет, креативті жұмыстарды да жоғары бағалап, өзінің жүрекжарды пікірін білдірді. Семинар жұмысы табысты өтті деген ойдамыз.

Г.А. Калманова, Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, мектеп тренери, педагог-сарапшы

Кратко

НА ГОССЛУЖБУ - В ОНЛАЙН-РЕЖИМЕ

Председатель Агентства сообщил о реализации программы модернизации информационной системы «Е-қызмет» на 2022-2023 годы.

По его словам, до конца нынешнего года посредством создания внешнего портала на базе «Е-қызмет» будет полностью оцифрован процесс отбора и приема на государственную службу. В 2023 году будет проведена работа по автоматизации других кадровых процессов, включая ротацию, стажировку, повышение квалификации. Кроме того, Дархан Жазықбаев рассказал о повышении качества

деятельности государственной службы.

С 2023 года отбор на госслужбу будет проходить в онлайн-режиме с использованием технологий прокторинга. Во исполнение поручения главы государства о сокращении подведомственных организаций предлагается преобразовать АО «Национальный центр по управлению персоналом государственной службы» в HR-институт в структуре Академии госуправления с сохранением штата и бюджета.

Источник: <https://kapital.kz>

Изменения в законодательстве

ПОПРАВКИ В ЗАКОНЕ О РЕСПУБЛИКАНСКОМ РЕФЕРЕНДУМЕ



Мажилис на пленарном заседании согласился с внесенной Сенатом поправкой в проект Конституционного закона «О республиканском референдуме», согласно которой исключается норма, запрещающая выносить на референдум изменение статуса Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева, передает корреспондент Kazpravda.kz.

Согласно предыдущей версии документа, вопросы, связанные со статусом Пер-

вого Президента, не могли быть предметом республиканского референдума, однако Сенат исключил этот пункт.

В редакции Сената эта норма теперь предусматривает, что не могут быть предметом референдума лишь вопросы «изменения независимости государства, унитарности и территориальной целостности республики, формы её правления, основополагающих принципов деятельности республики».

Депутаты Мажилиса поддержали новеллу Сената единогласно. Таким образом, закон считается принятым Парламентом и направляется на подпись Главе государства.

Напомним, 29 апреля 2022 года Глава государства Касым-Жомарт Токаев на XXXI сессии Ассамблеи народа Казахстана предложил провести республиканский референдум по изменениям в Конституцию страны.

Источник: <https://kazpravda.kz.ru>

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Капленко Ирины Владимировны, умершей 25 декабря 2021 года.

Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Меншік иесі: "ЖК А.В. Струментов".

"Приозерский вестник" газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі. Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавттар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: prz_westnik@mail.ru; [instagram: https://shortlinks.plus/zmsid](https://shortlinks.plus/zmsid), [fb: https://shortlinks.plus/qfbKi](https://shortlinks.plus/qfbKi) Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 18/766. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.

Техникалық редактор: А.В.Струментов. Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63 Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: prz_westnik@mail.ru

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

Газет газет-журналдарды сататын орындарда (баспа киоскілері, дүкендер, базарлар), редакцияларда және Приозерск қаласындағы жеке таратушыларда таратылады. Сондай-ақ облыстың барлық қалалары мен аудандарында жазылу бойынша.

Жазылу индексі - 65041